

Мейрамда адамдар көп шоғырлатын жердегі өрт қауіпсіздік ережелері

ТЖБ сіздерді келе жатқан мейрамдармен құттықтайды. Айтарымыз мейрамды өткізетін жерлердегі алаңдар, мектептердің қасы т.б. өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарына сай болуы қажет. Сіздерден өтініп сұрайтынымыз, мейрам өтетін

жерде пиротехникалық заттарды пайдаланбауға тырысыңыздар. Ұйымдастырушылар қызметкерлерімен өрт қауіпсіздігінен нұсқау сабақтар өткізсін. Өрт қауіпсіздігіне жауапты адам тағайындалуы керек. Электр желілері өрт қауіпсіздігіне, орнату ережелеріне сай

болуы қажет, мейрам тойланатын жерлерді өрт сөндіретін құралдармен, өрт сөндіруде пайдаланатын су қорымен толық жабдықталып, қамтамасыз етілуге міндетті.


Р.ИСКАКОВ,
Алакөд ауданы ТЖБ аға инженері.

Аяқ-киім ұрлаған азаматтар ұсталды

ҚР ІІМ-нің Ұрлықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Бағдарламасы аясында Достық ст. ЖПБ қызмет көрсету аумағында криминалдық полиция қызметкерлерімен «бөтеннің мүлкін ұрлау мен тасымалданатын жүкті тонаудың» алдын алу және қылмысты ашу мақсатында үнемі жедел іздестіру іс-шаралары жүргізілуде.

2025 жылдың ақпан, наурыз айларында Достық станциясы ЖПБ-не «ҚТЖ Жүк тасмалы» Достық станциясы филиалынан 4 (төрт) дана жүк контейнерлерде жүк жетіспейтіні жайлы арыз түсті, контейнерлерге тиелген «әйелдер аяқ-киімі» жүктерін белгісіз тұлғалардың ұрлағаны және «ҚТЖ Жүк тасмалына» 12 409 839 теңге мөлшерінде материалдық залал келтірілгендігі туралы көрсеткен.

Аталған дерек бойынша тергеу амалдары бес айға созылып, нәтижесінде Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Достық станциясының тұрғыны «Б» есімді азамат «ҚТЖ-ЖТ» Достық станциясы филиалының



«Т және О» есімді қызметкерлерімен пайдақорлық ниетпен, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен күзетілетін жүк вагондарына заңсыз кіріп, бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында контейнерлерден «аяқ-киім» жүктерін өздерінің жеке бас пайдаларына жарату үшін жасырын ұрлап алып шығып сатып жүргендері анықталды.

Аса ауыр санаттағы қылмысты жасағандары үшін Б, Т және О есімді азаматтар күдікті деп

танылып, ҚР ҚК-нің 188 бабының 4-бөлігі 3-тармағына сәйкес қозғалған қылмыстық іс сотқа жолданды.

Алакөл аудандық сотының үкімімен 3 (үш) жыл 4 (төрт) айға шартты түрде бас бостандықтарынан айырылды.

М ЕЖЕНБЕКОВ,
Достық ст. ЖПБ криминалдық полиция бөлімшесінің бастығы полиция майоры.

Құттықтаймыз!

Қожабеков Барқытбек Мелісұлы!

Сізді 60 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Бүгін ел-жұртқа қадірлі, отбасына ардақты, ақыл-парасаты мен еңбегі арқылы қоғамның дамуына үлес қосқан азаматымыздың 60 жылдық мерейтойы.

Алпыс жыл – жай ғана жас емес, бұл – өмірден алынған мол тәжірибе, елге қызмет етудің, жауапкершілік пен адалдықтың айқын көрінісі.

Сіз қай қызметте болмасаңыз да, әділдігіңізбен, талапшылдығыңызбен, адамдарға деген құрметіңізбен ел сеніміне ие болдыңыз.

Басшылық қызметте жүріп, жұрт мүддесін жеке бастың қамынан жоғары қойып, көптің алғысын алғаныңыз – еңбегіңіздің еленгені.

Ұжымға ұйытқы болып, жастарға бағыт-бағдар беріп, ақылымен жол көрсеткеніңіз – үлкен азаматтықтың белгісі. Осы мерейлі күні Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, атқарған еңбегіңіздің жемісін көріп, ел құрметіне бөлене беруді тілейміз.

Алдағы жылдары да абыройыңыз артып, беделіңіз биіктей берсін! 60 жас құтты болсын! Еліңізге сыйлы, отбасыңызға аман, ғұмырыңыз мәнді де берекелі болсын!

Тілек білдіруші ұжымдастары Алакөл-АГРО серіктестігі.

Қадірлі де қастерлі жанымыз, әке!

Сізді 60 жасқа толған мерейлі мерекеңізбен құттықтаймыз!

Сіздің өмір жолыңыз – адал еңбек пен адамгершілікке толы өнеге.

Отбасының тірегі болып, ақылыңызбен бағыт, мейіріміңізбен қуат беріп келесіз.

Әке ретінде де, ата ретінде де біздің мақтанышымызсыз. Өмірде көрген қиындықты сабырмен еңсеріп, жақсылықты шүкіршілікпен қабылдай білдіңіз.

Сол асыл қасиеттеріңіз бізге әрдайым үлгі. Сіз барда үйімізде береке, шаңырағымызда шаттық бар. Алдағы өміріңізде деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, ұзақ ғұмыр, мол қуаныш тілейміз.

Ұрпағыңыздың қызығын көріп, немере-шөбереңіздің ортасында аман-есен жүре беріңіз!

Мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын!

Ғұмырыңыз ұзақ, мерейіңіз үстем болсын!

Ізгі тілекпен: жұбайыңыз Гульнара, балаларыңыз Дидар, Ғажап, Айдана, Ержан, немерелеріңіз: Ясина, Дияр, Елжан, Айша, Аяна, Лашын.

Хабарландыру

30 шілде 2025 жылы қайтыс болған, 24.09.1968 жылы туған, Алматы облысында туылған Мурзабаев Кайрат Кокубаевичтың мұрагерлік ісі ашылды. Барлық мұрагерлерді Қабанбай ауылы, Абылай хан көшесі, 115 мекен жайында орналасқан Жетісу облыстың нотариаттық округінің нотариусы А. М. Майлыгуловқа хабарласуын сұраймыз.

Объявление

Открыто наследственное дело на умершего 5 октября 2025 года гр. Архимандрикова Александра Сергеевича, 05.04.1977 года рождения. Всех наследников просим обратиться к нотариусу нотариального округа области Жетісу Майлыгулову А.М. по адресу, область Жетісу, Алакольский район, село Кабанбай, улица Абылай хана, дом 115.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер «Алакөл» жұртшылықты 2026 жылғы 8 қаңтарынан 14 қаңтарына дейін Жетісу облысы Алакөл ауданының Ушарал-Бескөл тас жолындағы ЖК «Алакөл» жанармай құю станциясы (ЖҚС) үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде жария талқылаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°10'55.53" СШ, 80°58'7.58 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - Жеке кәсіпкер «Алакөл» Алакөл ауданы, Ушарал қаласы, Д. Қонаев көшесі, 86 Б.

Тел.: 8702 363 39 27, e-mail: alipbekova83@list.ru
Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 8 777 343 34 66.
Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. ЛЕВ сайтына <https://ndbecology.gov.kz> және бастамашының <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru> сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Алакөл» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 8 января по 14 января 2026 г. по разделу «Охраны окружающей среды» для Автозаправочной станции (АЗС) ИП «Алакөл» по трассе Ушарал-Бесколь Алакольского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 46°10'55.53" СШ, 80°58'7.58 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - ИП «Алакөл» в Алакольском районе, г. Ушарал, ул. Д.Конаева 86 Б.

Тел.: 8702 363 39 27, e-mail: alipbekova83@list.ru
Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдықорған, ул. Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте инициатора <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ndbecology.gov.kz.

в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

Меншік иесі:
«ALAKOL PRESS» ЖШС-і.
Құрылтайшы:
Алмат ЕСЕНБЕКОВ
Директор - Бас редактор-
Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:
Директор - Бас редактор: 3-52-68
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады
Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 2550

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.